

## "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 435 қаулысы. Алматы облысы Эділет департаментінде 2015 жылы 17 шілдеде № 3289 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 тамыздағы № 444 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 24.08.2016 № 444 қаулысымен.**

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Сопиев Мұрат Тоқтасынұлына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Садықов Асқар Жұмаханұлына жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Абдулдаев

Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы "15" маусымдағы № 435 қаулысымен бекітілген қосымша

## **"Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі Панфилов ауданының ішкі саясат саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.
3. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 041300, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкий көшесі, № 129.
10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
11. Осы Ереже "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.
12. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
13. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне

заннамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Панфилов ауданында ішкі саясат саласындағы мемлекеттік саясатты және мемлекеттік басқарудың функцияларын жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

1) ауданда ішкі саяси тұрақтылықты, ел бірлігін және қоғамды топтастыруды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) ауданда Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларын түсіндіру мен насиҳаттауды қамтамасыз ету;

3) аудандағы қоғамдық-саяси ахуалды болжауға бағытталған әлеуметтік және саяси зерттеулерді жүргізу.

16. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметі актілерінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмаларының, облыс әкімі мен аудан әкімінің қаулы, шешімдері мен өкімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

2) саяси және стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыру, ішкі саясат сұраптары бойынша мемлекеттік органдар жұмысын үйлестіру, бірыңғай іс-әрекет жоспарын әзірлеу;

3) саяси партиялармен, үкіметтік емес ұйымдармен, діни бірлестіктермен, кәсіподақтармен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру;

4) әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындауға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету, оның ішінде конкурстық рәсімдер мен жобалардың іске асырылу барысына мониторинг жүргізу;

5) Қазақстан халқы Кіші Ассамблеясы хатшылығына ақпараттық-ұйымдастырушылық көмек көрсету;

6) мемлекеттік рәміздерді қолдану мен насиҳаттау мәселелері бойынша аудан аумағында акциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кенестер ұйымдастыру және өткізу;

7) қоғамдық-саяси, мәдени-бұқаралық шараларды идеологиялық қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолдану мен

насихаттау мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету;

9) мемлекеттік рәміздерді насихаттау мен қолдану тәжірибесін талдау, ақпараттарды өңдеу мен жинауды жүзеге асыру, осы саладағы жұмыстарды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау;

10) "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін сұрақтар бойынша мемлекеттік органдар және басқа да ұйымдармен қызметтік хат-хабарлар алмасуды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты заңнамада белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

2) оперативті басқару құқығымен қарасты мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

18. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады .

20. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының орынбасарлары жок.

21. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіліктерін өз құзыреті шегінде айқындауды;

2) "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындауды және босатады;

3) "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

- 4) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;
- 5) мемлекеттік органдар мен басқа да үйымдарда өз құзыреті шегінде "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мұддесін білдіреді;
- 6) "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлықта қарсы әрекет етеді, сол үшін жеке жауапкершілік алуды белгілейді;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

#### **4. Мемлекеттік органның мулкі**

22. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінде заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мулкі болу мүмкін.

"Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мулкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта үйымдастыру және тарату**

25. "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.